

**"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы"
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 наурыздағы N 44-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты және мемлекеттік органдар тізбеге
с ә й к е с :

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 6 н а у р ы з д а ғ ы
N 4 4 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы"
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы
Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалу- ына жауапты мемлекет- тік органдар
1	Сот әкімшілігі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	2007 жылғы наурыз	Ж С (жинақтау), БП, ЭБЖМ, СӘК

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы			
2	Сот юриі туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	2007 жылғы наурыз	ЖС
3	Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 643 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	2007 жылғы наурыз	ЖС
4	Судьялардың кәсіптік міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы	СӘК - пен ДСМ - нің бірлескен бұйрығы	2007 жылғы наурыз	С Ә К (жинақтау), ДСМ
5	Судьяның қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты мертігу алған (жарақат жаралану, контузия, кәсіби ауру) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) кезде біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы наурыз	СӘК

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

СӘК - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот әкімшілігі комитеті.